

І ТУЫ

ІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

оябрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Кәзіргі уақытта өнеркәсіптің барлық салалары неғұрлым жетілген техникамен жабдықталған, маман жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бар, кәсіпорындар шикізат пен материал жағынан тапшылық көрмейді. Кәзір істің тетігі осы мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жұмыстағы кемшіліктерді батыл жоюда, өндірістегі пайдаланылмаған резервтерді ашып, оларды халық шаруашылығын өркендетудің мол қорына айналдыруда.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

інен

Малды қолда тыңғылықты күту— мал өсірушілердің ең басты міндеті



Мал күтімі нашар

Малды күйлі, шығынсыз өсіреміз

басшыларының
өл беруі мұнда
сайын орындал-
та.

Париж комму-
фабрикасынан
Фабриканьң бас-
спардың орын-
ң жеткіліксіздігі-
і. Бірақ, соңғы
уақыт отын-
мауы себепті
ың үстіне атал-
және кәсіподақ
ғыру ісін де
сай ұйымдас-

—әрбір кәсіпор-
ндалуға тиісті
астан, жекелеген
і және кәсіп-
ылық басшыла-
тті орындау кү-
а алмай келеді.
у- механикалық
ң артта қалып
рының бірінен
керек, мұнда
қаралық жұмыс-

Мамлют ауданындағы Чкалов атындағы колхозда (председателі Булгаков жолдас) мал қыстату нашар ұйымдастырылған. Мұнда мал қоралары қысқа толық әзір етілмеген. Қай фермада болмасын қоралар малға жайсыз. Мұның өзі малды қолда бағу ісін үлгілі жүргізуге үлкен нұқсан келтіріп отыр.

Ірі қара мал фермасын мысалға алайық. Бұл фермада сауын сыйырлар мен бұзаулар тұратын қоралар жеткіліксіз. Оның үстіне олар сапасыз жөнделген, малдың бағылуына мүлдем қолайсыз. Шошқа фермасында да жағдай дәл осы сияқты. Әсіресе, мегежіңдер мен торайлардың күтімі нашар ұйымдастырылған. Бұл екі фермада қоралардың жеткіліксіз болуымен бірге, малды азықтандыру, суару ісі де ойсыраған олқылықта. Міне, мұның барлығы малдың қыстың алғашқы күндерінен бастап жүдеп, бұрынғы күйінен айырылуына әкеліп соғуда. Колхозда қыстың алғашқы күндерінің өзінде күтімнің нашарлығынан бірнеше бұзау мен торайлар шығынға ұшырады.

Басқарма мүшелері мал фермаларында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, малды

Колхоз мүшелері бесінші бесжылдықта қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін еселеп арттыруға қолда бар күш-мүмкіншілікті сарқа жұмылдыруда. Партияның XIX съезінің қарарлары, кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі колхозшыларды егін және мал шаруашылығын өркендетіп, колхоз байлығын снан әрі арттыру күресінде жаңа зор табыстарға жетуге жігерлендіруде.

Кәзір колхозшылар мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең—мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. Олар малдың қысқы күтімін үлгілі ұйымдастырудың негізін күнілгері қалаған болатын. Кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді мінсіз орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетте отырып, колхозшылар мал қыстағуға өзіндік жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге жетісті.

Мал қораларын салу және жөндеу жұмыстарын дербесінде қолға алып, қызу

етілген мал ғана қыстан күйлі және шығынсыз өсірілетіні мәлім. Быйыл мал азығын дайындауды үлгілі өткізіп, берік жемшөп базасын жасап алдық. Мұнымен де қанағаттанбай, егіннің сабаны мен мекенін түгел жыйнап, маяға салдық.

Жемшөп қорын үнеммен жұмсау және малды біркелкі азықтандыру мақсатымен мал қоралары жанына жемшөп тасуды ойдағыдай ұйымдастырдық. Жер қарада мал фермалары жанына шөпті көп тасып алдық. Барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырып, күннің жылы кезінде дайындалған жемшөпті түгелдей мал қоралары жанына тасып үйеміз. Кәзір мал қоралары жанына шөп тасуда ондаған адам жұмыс істеп жүр. Олар күн сайын мал қоралары жанына жүздеген центнер шөп тасып үйеді. Жұмыстың бұл участегінде жекелеген колхозшылар күнбе-күн табысты еңбек етіп жүр. У. Абықов, Ш. Виболсынов және Д. Рахимова сияқты колхозшылар шөп тасуда өздеріне тағайындалып берілген сменалық тапсырманы үнемі артығымен орындап келеді.

Жемшөптің жеткілікті дайындалуы, оның мал қоралары жанына мол тасылып

Халықтық демократия елдерінде

Поляк деревнясын электрилендіру

ВАРШАВА, 16 ноябрь. (СОТА). Поляктің баспасөз агенттігі Поляк Халық Республикасында деревняларды электрлендіру күшті қарқынмен жүргізіліп отырғандығын хабарлайды. Мұны мынадай мәліметтермен дәлелдеуге болады. Буржуазиялық Польшада 1939 жылы 1260 деревня ғана электрлендірілсе, 1952 жылдың 31 июліне дейін электрлендірілген деревнялардың саны 13600-ге жетті яғни 10 есе өсті. Алты жылдық жоспардың негізінде алты жылдықтың аяқ кезінде поляк селоларының 50 проценттен астамы электрлендіріледі.

Еңбекші шаруалар электр қуатын ауыл шаруашылық машиналарын жүргізу үшін пайдалануға алғаш рет мүмкіншілік алды. Кәзір астық бастыру кезінде жеке шаруашылықтарда пайдаланылатын моторлардың саны 35 мыңға жетті. Кооперативтер электр қуатымен толық жабдықталған, әсіресе, мемлекеттік ауыл шаруашылығын электрлендіру күшті қарқынмен жүргізілуде. Жер шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін электр қуаты барған сайын кеңінен қолданылуда. 1949 жылғымен салыстырғанда быйыл сыйыр сауатын агрегаттар-

ды халық шаруашылығын өркендетудің мол қорына айналдыруда» — деп атап көрсетті.

Осыған қарамастан, қолда бар бай техниканы, ішкі мүмкіншіліктерді жете пайдалана алмау себепті бірқатар кәсіпорындары өздерінің алдында тұрған міндеттерді орындау ісінде елеулі олқылықтарға жол беріп келеді. Ең алдымен, бірқатар кәсіпорындарының басшылары еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне жете мән бермей келеді. Мәселен, Киров атындағы заводта көптеген құрал-жабдықтардың өнімді пайдаланылмауы, жұмысшылардың кейде тағайындалған нормаға сәйкес жұмыс істемей сыяқты фактілер

орындарының коллективтері жұмыстың барлық учасқоктерінде бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өрлеу туғызып, жаңа жеңістерге жетуде.

Бұл күндері Коммунистік партия мен Совет Үкметі бүкіл еліміздің еңбекшілерін ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын орындау күресіне бастап отыр. Жергілікті партия және кәсіподақ ұйымдары әрбір коллективтің мемлекеттік жоспарларды қалтқысыз және мерзімінен бұрын орындауын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің социалистік жарысқа жаппай ұштасуына, сөйтіп, тоқсандық және жылдық тапсырмалардың ойдағыдай орындалуына жетісу керек.

Мамин-Сибиряктің туған жерінде

ВИСИМ, (Свердлов облысы), 17 ноябрь. (СОТА). Жасыл орман жамылған әсем табиғатты таулардың ішінде алтын іздеушілердің Висим поселкесі бар. Міне, мұнда жазушы Мамин-Сибиряк туған және жастық шағын осында өткізген.

Висимде талантты жазушының өміріне байланысты көптеген жерлер сақталған. Маминдердің семьясы тұрған үйде аудандық кітапхана ашылған. Жазушының оқыған мектебі кәзір оның есімімен аталады. Висимдіктер поселкенің ең жақсы көшелерінің бірін өздерінің жерлесінің есімімен атаған.

Мамин-Сибиряк өзінің туған өлкесін

мейлінше сүйді. Ол Висимге «Үш шет», «Алтын» деген шығармаларын және көптеген очерктер арнады.

Висимдіктер Мамин-Сибиряктің туғанына 100 жыл толуын және қайтыс болғанына 40 жыл толуын кеңінен атап өтуде. Кітапханада жазушының өмірі мен творчествосына арналған көркем әдебиет көрме де ашылған, аудан еңбекшілері үшін оның өмірі мен творчествосы жөнінде лекциялар оқылуда. Бүгін кітапханада Мамин-Сибиряктің «Үш шет» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы ашылды.

Партияның XIX съезі жөнінде колхоз әні

ОЧЕМЧИРЕ, 17 ноябрь. (СОТА). Грузиядағы халық таланттарының тамаша өскендігін көркемөнерпаздардың Очемчир ауданында өткізілген қорытынды концерттері айқын дәлелдеді. Байқауға көркемөнерпаздардың 14 коллективі қатысты. Кочари селосындағы Сталин атындағы колхоздың ән және би ансамблі зор табыстарға ие болды. Ансамбльдің репертуарында ұлы Сталин туралы, Социалистік

Еңбек Ерлері туралы әндер бар. Концертке қатысушылар партияның XIX съезі туралы бірінші рет орындалған әнді сүйсіне қарсы алды. Бұл әннің сөзінің авторы колхозшы И. Папова, музыкасын жазған ансамбльдің жетекшісі И. Джид-желав. Колхозшылар бұл әнде совет халқы, коммунизмнің сәулетті шыңына бастап келе жатқан Лениннің—Сталиннің ұлы партиясын мадақтайды.

мал қыстатуда орын алып отырған кемпіліктерді дереу жойып, малды тыңғылықты күтімге алуға міндетті.

А. ҚҰЛЖАНОВ.

та жылқыны тыңғылықты күтімде ұстаудың нәтижесінде қарамағындағы жылқыларды қысқа күйлі әкелуге жетісті.

—Бесінші бесжылдық ішінде, —дейді

социалистік ақпараттың қысқалығын қысқартуға баулынды.



Қазақстанда совет-қытай достығы

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамы Қытай Халық Республикасы туралы лекциялар циклын ұйымдастырды. Қаланың кәсіпорындары мен мекемелерінде азат қытай халқының жаңа тұрмысы туралы, Қытай Компартиясының көсемі Мао Цзедунның шығармалары туралы лекциялар мен әңгімелер өткізілуде. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде, партия оқуы үйінде Қытайдың экономика және мәдениет саласындағы табыстары туралы көпшілікке арналған лекциялар оқылуда.

Қаланың клубтары мен кітапханаларында совет және қытай халықтарының мызғымас достығына арналған көрмелер ұйымдастырылуда. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы үлкен көрме ұйымдастырды. Бұл көрмеге қытай

халқының көсемдерінің шыққан қытай кітаптар қойы «Главкинопробөлімшесі киноҚазақстан астандан «Шашы алаңдар туралы фильмдерін, та

Қазақстан Сғы қытай -сов арналған ке ақындар мен ры мен жаз өздерінің ауданы.

Бесжылдықты мерзімінен бұрын

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Жаңа бесжылдық жоспар жеңіл өнеркәсіп өнімін шығаруды кем дегенде 70 процент арттыруды көздейді. Қаланың жеңіл өнеркәсіп орындарының коллективтері бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресті барынша өрістетуде.

Шұға комбинаты декабрь айының бірінші он күні есебіне өнім беруде. Бояу өңдеу цехының қызметкерлері коллектив болып стахановтық жұмыс істеп, ноябрь айының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Жіп иірушілер Мельникова, Похвалитова, Макеева, Баранова, тоқымашылар Кузнецова, Тихомирова, Герасимова тағы

басқалары жү асыра орында Жастар «Бо ның жарысқа алдыңғы қатары ші жылдық бұрын орында ченко, Сизиков дастар әр сме орындайды.

Володарский сында, былғар шылар қатары да әрбір екінші сын асыра ор



Келес жеміс питомнигі өсімдіктер табиғатын өзгерту жөнінде тәжірибе жүргізуде. СУРЕТТЕ: питомниктің директоры А. П. Ванин жеміс ағаштарын байқап жүр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

И. В. СТАЛИННІҢ ЕҢБЕГІН ҮЙРЕНУ АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі «Ақтобстрой» тресінің партия және кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп отырып, құрылысшыларға арнап И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі жөнінде лекциялар циклын ұйымдастырды.

ТҮРМЫСЫ

ЖЫЙНАЛЫСТАРЫНАН

Ауданы

жарыссөзге 12 Олар съезд қарса- кейінгі уақытта да ы айта келіп, ау- нда әлі де болса ің бар екендігіне бірсыпыра кол- атуға әзірліксіз кі- лғашқы күндерінен дарда мал азығы- алып отырғанды- азында ауылшар- андарын жөндеу, геуге әзірлік жү- тиісті дәрежеде ынға алды. Сол одастар ауданда қып, үйренудің ылмай, колхоздар- ысының өрістетіла- атап көрсетті.

астар ауданда со- ұйымдастырудың. рудің, озаттардың н игілігіне айнал- дем жеткіліксіз жарыссөзде сөйле- комитетінің секре- аудандық партия не үгіт бөлімінің жолдас та мар-

ың көп колхоз- інде социалистік ып, оның орын- тардың тәжірибе- шіліктің игілігіне тік жарыстың кезінде ашылған

Ауданы

кемшіліктерді жоюдың барысы бүгінгі күннің талабына жауап бермейді. Осының салдарынан аудан бойынша социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің бірқатары орындалмай келеді. Бұған ауданда тұқым қорының (түр-түрге бөлгенде) жеткіліксіздігі мен мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарының орындалмай отырғандығы жөніндегі фактілерді айтсақ та жеткілікті.

Жыйналыста аудан активтері социалистік жарыстың барысына ерекше тоқтап, оның орындалуына талдау жасаулары керек еді, бірақ, бұл болмады. Бұған қарағанда ауданның көп колхоздарында социалистік жарыстың пәрменді ұйымдастырылмай отырғандығына таңдануға мүлдем болмайды.

Социалистік жарысты ұйымдастыру, оған нақтылы басшылық ету — партия ұйымдарының, коммунистердің, әсіресе, активтердің басты міндеті. Сондықтан басшы кадрларды тәрбиелеп, олардың ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, шынықтырып отыруға бағытталатын партия активінің жыйналысында бұл сыяқты аса маңызды мәселенің сөз болмай, талқыланбай қала беруі қынжыларлық іс.

Партия активінің жыйналысы Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларын бірауыздан мақұлдап, қаулы алды. Қаулыда аудан партия ұйымдарына XIX съездің қарарларын, Сталин жолдастың тарихи сөзін және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін аудан еңбекшілеріне кеңінен насихаттап, жете түсіндіру ісін тыңғылықты ұйымдастыру тапсырылды.

Тоқшын совхозында

Бағалы сыйлықтар берілді

Совхоз механизаторлары мен мал шаруашылығы қызметкерлері арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетіліп, тоқсан сайын жарыстың қорытындысы шығарылып отырылады.

Совхоз дирекциясы мен кәсіподақ ұйымы социалистік жарыстың үшінші тоқсандағы қорытындысы бойынша Октябрь мерекесі күрметіндегі жарыста үздік шыққан механизаторлар мен мал өсірушілерге 6 радиоқабылдағыш, 4 мылтық, 2 велосипед және басқа заттар сыйлыққа берді.

Жаңа техникамен қарулануда

Совхоздың социалистік егін шаруашылығының мәдениетін көтеріп, мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін күш-мүмкіншілігі жылдан-жылға арта түсуде. Совхоз жыл сайын советтік жаңа техникамен қаруланып отырады. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана совхоз мемлекеттен «ДТ—54» 4 тракторын, «КД—35» 4 тракторын, өздігінен жүретін 3 комбайн, 2 шөп машинасын және механикаландырылған жылжымалы астық кептіргіш алды.

Ауыр жұмыстар

механикаландырылған

Мал фермаларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыруда едәуір жұмыстар жүргізілді. Үш ферманың үшеуінде де жел двигателі орнатылған. № 1 және № 2 ферма-

Ұлы халықтың ұлы жазушысы

(Л. Н. Толстойдың қайтыс болғанына 42 жыл толуына)

Ұлы орыс халқының данышпан жазушысы Лев Николаевич Толстойдың есімі—барша совет халқына әрі аса қымбатты, әрі сүйікті есімдердің бірі. Кемеңгер жазушының асқан зор әдеби мұрасы бүкіл әлемге әйгілі.

Бұдан қырық екі жыл бұрын, 1910 жылы дүние жүзі әдебиетінің алыбы кемеңгер жазушыға арнап жазған «Л. Н. Толстой» деген мақаласында В. И. Ленин былай деген болатын: «Л. Толстой өзінің шығармаларында нелер асқан ұлы мәселелерді қозғай білді, асқан шындей әдеби күш болып көріне білді. Сондықтан да оның шығармалары дүниежүзілік көркем әдебиетте күрметті орын алады».

В. И. Ленин Толстойды орыс революциясының айнасы деп жоғары бағалады. Ұлы көсеміміз Сталин жолдас Толстойдың есімін орыс халқының ұлттық мақтанышы және өшпес данқы болып отырған аса қадырлы есімдермен қатар атады.

Жазушылық таланты теңіздей тасқындаған, тасты жарып таудан аққан мөлдір бұлақ суынан да кіршіксіз таза көркем сөздің асқан шебері Толстой жарты ғасыр дан астам уақыт жазушылық қызметімен айналысты. Оның тамаша шығармаларында 1861 жылдан 1905 жылға дейінгі бүтіндей бір тарихи дәуір суреттелді.

Өзінің тегі, алған тәрбиесі жағынан Толстой дворяндар қауымынан шыққан адам. Бірақ, осыған қарамастан, ол ел ішінде болған аса зор әлеуметтік қозғалыстың тигізген әсері, жасаған ықпалымен өз табынан, оның дүниеге әдетке айналған теріс көзқарасынан қол үзіп, көп миллиондаған орыс шаруалары бұқарасының мүддесін көздейді, мұның мұндайды, жоғын жоқтайды. В. И. Ленин атап көрсеткендей, бұл шаруалар бұқарасы

Дегенмен, өз көзқарасындағы осындай қарама-қайшылықтарға қарамастан, данышпан жазушы халық мүддесіне қызмет етіп, өмір тудырған ең мағналы, ең маңызды мәселелерге дәлме-дәл жауап беруге ұмтылған искусство ғана шын искусство деп білді, соған кәміл сенді.

Шынайы художник Толстойдың жазушылық шеберлігі онтоғызыншы ғасырдағы сыншыл реализм дамуының асқан шыңы болды. Толстой адам өмірін, оның жал сезімін асқан жазушылық дарындылықпен, шындықпен суреттеп, адамның мінез-құлқының қалыптасып, дамуы барысындағы барлық қасиеттерді сезе білді. Жазушының теңдесі жоқ бұл асқан шеберлігін Чернышевский әлде неше рет атап көрсеткен болатын. Ұлы сыншы Толстойдың «адам жанының диалектикасын» суреттей білу шеберлігіне шын жүректен қуанып, сүйсінген болатын.

Толстой өз кейіпкерлерінің ішкі жан сезімі мен сыртқы пышының, ақыл-парасатын, мінез-құлқын асқан нанымдылықпен нақпа-нақ топшылап, психологиялық шебер талдау жасайды. Оның шығармаларындағы әрбір кейіпкер тек өзіне ғана тән қасиетпен ерекше көзге түседі, кесек тұтқа болып көрінеді.

Толстой — ұлы орыс халқының мақтанышы. Ол өзінің шығармаларындағы көркем образдар арқылы өз халқының бойына біткен тамаша қасиеттерін: ақжарқын, терең ақыл-ойың, жігерлілігі мен табандылығын, еңбек сүйгіштігін, шындық және еркін тұрмыс жолындағы қажымас қайраттылығын көрсете білді. Жазушының мәңгі өшпес шығармалары, ең алдымен «Соғыс және бейбітшілік», «Анна Каренина», «Воскресение» сыяқты данышпандық дастандары осындай қасиеттермен асқан

кестік-лениндік білімді үйренуге деген ынталарын бұрынғыдан да күшейтті. Быыл партия оқуы жүйесінде аудан партия ұйымы құрамының 96 проценті, 200-ден астам комсомолдер және партияда жоқ активтерден 176 адам оқып жүр. Өткен жылғымен салыстырғанда партия оқуының жоғарғы буындарында оқуытын жолдастардың саны екі есе өсті.

Оқу жылының алғашқы айы саяси мектептер мен үйірмелерде және партия оқуының басқа буындарында сабақтың ұйымшылдықпен өтіп келе жатқанын көр сетеді. Көзір барлық жерде негізгі программадан тыс қосымша сабақтар ұйымдастырылып, партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың жаңа еңбегін үйрену ісі қолға қызу алынды.

Мәселен, Преснов орта мектебінің жапындағы жоғарғы типті үйірменің насихатшысы Дмитриева жолдас екі рет қосымша сабақ ұйымдастырып, онда И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегінің бірінші тарауы бойынша әңгіме өткізді.

Быыл бізде саяси экономияны үйренушілердің тұрақты семинары жұмыс істейді. Оның құрамында 32 адам бар. Бұлардың бәрі де басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлері. Семинардың сабағы 8 сағаттан айында екі рет өтеді. Сабақты даярлығы мол, аудандық партия комитетінің секретарлары және бөлім меңгерушілері өткізеді.

Кешкі партия мектебі екінші оқу жылына арналған оқу программасы бойынша жұмыс істейді. Онда 17 коммунист оқиды. Кешкі партия мектебінің де сабағы ұйымшылдықпен өтіп келеді. Аудандық партия комитетінің секретары Колесникова жолдас партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың экономикалық мәселелер жөніндегі жаңа

рiнiң жеке жоспарына И. В. Сталин жолдастың съезде сөйлеген сөзiн және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегiн енгiздi. Сондықтан бұл жөнiнде арнаулы лекциялар оқуды ұйымдастырмақпыз.

Октябрь айының екiншi жартысында өзiгiнен оқушылардың бiркүндiк кеңесi өттi. Онда өзiгiнен оқудың әдiстерi жөнiнде баяндама жасады. Сонымен қабат, өзiгiнен оқушы жолдастар В. И. Лениннiң «Не iстеу керек?», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екi тактикасы», И. В. Сталин жолдастың «Пролетарлар табы және пролетарлар партиясы» деген еңбегерi бойынша лекциялар тыңдады. Аудандық партия комитетiнiң кiтапханасында өзiгiнен оқушылар және басқа да жолдастарға көмек көрсету үшiн үнемі кезекшi консультант болады.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып үйренуші жолдастардың көпшілігі жұмыс жоспарларында көрсетілген материалдарды тыңғылықты үйренуде. Мәселен, коммунистер Гусева, Бельчикова, Ушакова, Троицкая, Теленин жолдастар уақыттарын ұқыпты пайдаланады, өздеріне бекітілген консультанттарда болып, теориялық мәселелер жөнінде түсінік алады, теориялық лекцияларға қатысады, үйреніп жүрген материалдары бойынша конспект жасайды.

Біз партия оқуының мазмұнды, идеялық дәрежесінің жоғары болуы насихатшы кадрларға байланысты екенін әрқашан есте ұстап, олардың теориялық және методикалық білім дәрежелерін арттырып отыруға зор көңіл бөлудеміз. Аудандық партия комитеті оқу жылы басталар алдында насихатшылардың екі күндік семинарын өткізді. Семинарда насихатшылар оқу программасының алғашқы екі тақырыбы бойынша сабақты қалай ұйымдастыру жөнінде түсінік алды.

Ауданда коммунистердің жалпы білімі

121 коммунистің бастауыш білімі жоқ екенін, ал, 77 коммунистің бастауыш білімдері бар екенін анықтады. Осы мәлімет бойынша бастауыш мектеп мөлшерінде білімі бар коммунистерден емтихан алынды, олардың есеп карточкаларына өзгеріс енгізілді. Олар партия оқуының төменгі буындарына: саяси мектептер мен үйірмелерге тартылды. Бастауыш білімдері жоқ коммунистер сауаттандыру мектептерінде оқып жүр.

Мұның бәрінен аудан коммунистерінің саяси оқуын ұйымдастыруда кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Кейбір саяси мектептер мен үйірмелерде алғашқы сабақтар тиісті дәрежеде өтпеді. Аудандық партия комитеті бұл кемшіліктерді кезінде ашып, оны жою шараларын қолдануда. «Красный партизан» колхозы партия ұйымында (секретары Колебнев жолдас) алғашқы кезде коммунистердің оқуы ұйымдастырылмады. Насихатшы Васин жолдас сабаққа әзірліксіз келіп жүрді. Аудандық комитет бұл жағдайға тезе алмады. Ол өзінің мәжлісінде аталған партия ұйымында партия оқуының жайы туралы мәселе қарап, Колебнев және насихатшы Махавой жолдастарды қатты ескертті. Ал, Васин жолдасқа сөгіс жариялап, насихатшылық міндетінен бсатты. Коммунистердің оқуын ұйымдастыру жөнінде аудандық партия комитетінің тарапынан көмек көрсетілді.

Көзір «Красный партизан» колхоз бастауыш партия ұйымында партия оқуы жолға қойылды. Мұнда бұрын өтілмей қалған сабақтардың орнына қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Васиннің орнына оқытушы- коммунист Митрофанова жолдас насихатшы болып тағайындалды.

Біз партия оқуының ұйымшылдықпен және идеялық жағынан жоғарғы дәрежеде өтуін қамтамасыз етеміз.

М. БАЙБАТЫРОВ,

ҚКП Преснов аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 24 октябрьдегі санында «Хат-хабар тасу ісі жақсартылса екен» деген тақырыпта тілші хаты жарияланды. Онда Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозында хат-хабар тасу жұмысы нашар екендігі, әсіресе, бригадаларға газет-журналдар деркесінде жеткізіліп тұрмайтындығы айтылды.

Колхоз партия ұйымы бұл мақаланы талқылады, газет сынын өте дұрыс және орынды деп тауып, бұл жөнінде болып келген кемшіліктерді жоюдың тиісті шараларын қолданды.

Көзір колхозда хат-хабар тасу ісі ойдағыдай жолға қойылды.

И. АБЛИН,

Ленин ауданы, «Бұлақ» колхозы партия ұйымының секретары.

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“ 1953 жылға жазылушылар қабы бастады

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдері жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің міндетін орындауға тәуір.

Ново-Никольск балалар үйіне тәрбиеші-баянист КЕРЕК. Еңбек-ақы смета бойынша төленеді. Адрес: Солтүстік Қазақстан облысы, Приешім ауданы, Ново-Никольск селосы.

Түпкілікті жұмыс істеу үшін міндетті түрде. Адрес: Коммунальдік-құрылыс Қазақ оқу комбинатының Павлодар филиалы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табы